20393487246

ҚАУЛЫ
(қарар бөлігі)

2023 жылғы 15 қараша іс №4399-23-00-2а/841 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья С.Н.Жуынтаева,

судьялар Е.Б.Турбаев пен Н.О.Қосанов болып,

талап қоюшының өкілі Д.Қ.Әлшеровтың,

жауапкердің өкілдері Г.Б.Бершимбаев мен Е.У.Султанбековтың,

үшінші тұлға «Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Ә.С.Ұзақбаевтың қатысуларымен

ашық сот отырысында

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 18 тамыздағы шешіміне талап қоюшының келтірген апелляциялық шағымымен түскен

талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЛАН-КОМПАНИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарап,

АПК-нің 424-бабының 1-тармағының 3-тармақшасын, 426, 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 18 тамыздағы шешімінің күші жойылсын және жаңа шешім шығарылсын.

Талап қоюшы Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЛАН-КОМПАНИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ЛАН-КОМПАНИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ЛАН-КОМПАНИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Талап қоюшы Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор АПК-нің 434, 435, 436, 440, 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот шешімін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Қаулының түпкілікті нысаны іс қаралған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дайын болады.

Төрағалық етуші: С.Н.Жуынтаева

Судьялар: Е.Б.Турбаев

Н.О.Қосанов.

Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 15.11.2023

4399-23-3-2/841